

**2015 жылға Шалқар ауданы бойынша ұйымдардың тізбесін, қоғамдық жұмыстардың түрлерін, көлемін және нақты жағдайларын бекіту туралы**

***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Шалқар ауданының әкімдігінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 66 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 наурызда № 4236 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 қаңтардағы № 02 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 02 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7 бабының 5) тармақшасына және 20 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін, қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Шалқар аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулының жүзеге асырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Шалқар ауданының экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі 451-002-100 "Қоғамдық жұмыстар" бюджеттік бағдарламасы бойынша қоғамдық жұмыстарды жергілікті бюджет қаржысы есебінен қаржыландыруды іске асыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Қарашолақоваға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**2015 жылға Шалқар ауданы бойынша қоғамдық жұмыстар жүргізілетін ұйымдардың тізбесі, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері**

№	Мекемелер атауы	Жұмыс және қызмет түрлері.	Орындалатын жұмыс және қызмет көлемінің табиғи көрсеткіштері	Берілген сұраныс Жұмыс орнының саны	Бекітілді Жұмыс орнының саны	Қоғамдық жұмысқа қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қаржыландыру көздері.
1	"Шалқар қаласы әкімінің аппараты" "ММ-сі.	Шалқар қаласындағы көшелерді жинастыру, қоқыс шығару, ағаштарды кесу	80 км	60	50	Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген төменгі еңбек ақы.	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.
2	"Инфраком-қызмет" "ЖШС-гі	Шалқар қаласындағы көшелерді жинастыру, қоқыс шығару, ағаштарды кесу	95 км	70	58	Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген төменгі еңбек ақы.	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.
3	"Шалқар ауданының қорғаныс істер жөніндегі бөлімі" ММ-сі	Техникалық жұмыс: құжаттарды өңдеуге көмектесу. Карточкамен жұмыс.	5000 дана	13	13	Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген төменгі еңбек ақы.	Жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.
Барлығы:				143	121		

**Қоғамдық жұмыстың нақты шарттары.** Жұмыс аптасының ұзақтығы, екі демалыс күндерімен бес күн құрайды, сегіз сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс – бір сағат. Еңбегіне төленетін ақы жұмыс уақытын есепке алу табелінде көрсетілген нақты еңбек еткен уақытына, жұмыссыздардың жеке есепшоттарына аудару жолымен жүзеге асырылады.